




КазМунайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ
ҰЛТТЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТАНАСЫ КОМПАНИЯСЫ

ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚ» ЖШС ЖЕРҮСТІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

Жерүсті көлік құралдары «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚ» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) қызметкерлерінің, мердігерлердің және үшінші тұлғалардың өмірі мен деңсаулығына зиян келтіру ықтималдығы жоғары неғұрлым маңызды қауіп-қатер көздерінің бірі болып табылады. Осы орайда жерүсті көлік құралдарын пайдалану кезінде ҚТКФ негізгі мақсаттары ретінде мыналар болып табылады:

- адамдардың өмірі мен деңсаулығын сақтау;
- жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру және оның салдарын мейлінше азайту.

Өз алдына белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

□ жол қозғалысының қауіпсіздігі саласында заңнамалық талаптарды және көлік құралдарын басқаруды үйымдастыру және оны қауіпсіз басқару жөніндегі ҚТКФ ішкі құжаттарын сақтау;

□ белгіленген нормаларға сәйкес техникалық ақаусыз, толық көлемде жинақталған көлік құралдарын пайдалануды қамтамасыз ету;

□ әрбір жүргізушінің рейс алды, ал қажет болған жағдайда рейстен кейінгі медициналық тексеруден ету;

□ көлік құралын алкоголь, есірткі дәрі-дәрмектерін, психотроптық және осыған ұқсас заттарды қолдану әсерінде немесе оның салдары әсерінде басқарумен байланысты әрбір бұзушылық фактісін болдыртпау – осы қағидатты бұзудың әрбір фактісі осыған кінәлі қызметкермен еңбек қатынастарын белгіленген тәртіппен тоқтатуға әкеліп соқтырады;

□ басшылар мен жолаушылар тарапынан жүргізушіні жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын бұзуға мәжбүр ететін кез келген іс-әрекет алуға немесе нұсқау беруге жол бермеу;

□ корпоративтік жолсапарларды үйымдастыру және басқару жүйесін іркіліссіз жетілдіру;

□ көлік құралдарын басқаруға тиісінше біліктілігі және жұмыс тәжірибесі бар жүргізушілерді тарту;

□ жол-көлік оқиғалары мен оның бұзушылықтарына қатысты ақпараттың оқиғалар дәрежесіне қарамастан айқын болуы;

□ түпкілікті себептерін анықтау және қажет болатын сақтандыру және түзетулерді енгізу шараларын алу мақсатында әрбір жол-көлік оқиғасын уақытын есепке алу және оған ішкі қызметтік тергеу жүргізу;

□ **ТЫЙЫМ САЛАТЫН қауіпсіздікіті мына корпоративтік талаптарын сақтау:**

– көлік құралдарының жүргізушінің және бүкіл жолаушылардың сақтандыру белдіктерін тағып отырмаяған жағдайында қозғалып журуі;

– белгіленген жылдамдық режимін асыру;

– жүргізушінің көлік құралын басқару мезгілінде ұялы байланыс құралдарын пайдалануы;

– көлік құралының салонында шылым шегу;

– көлік құралының тәуелділік жарық мезгілінде іске қосылмаған жақыннан жарықтандыру шамдарымен қозғалып отыруы;

– ҚТКФ көлік құралдарында бөгде адамдарды және/немесе жүктөрді өз бетімен тасымалдау;

– жұмыс берушінің қызметтік көлік құралдарын пайдалануға көзделген келісім шарттық аумақта жеке көлік құралын пайдалану, сондай-ақ көлік құралдарын қызметтік және/немесе өндірістік мақсаттарда жұмыс берушінің жазбаша келісімінсіз және тиісінше жол парагайынсыз пайдалану.

Саясаттың іс-әрекеті ҚТКФ барлық қызметкерлеріне, ҚТКФ обьектілерінде қызметтерді ұсынатын мердігерлік үйымдардың қызметкерлеріне, соның ішінде өзара жасасқан шарттарда көрсетілген талаптармен көлік тасымалына қатысты қолданылады.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



2020 жылғы «24»

12

А. Оржанов